Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Суық торғай" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Торғайлар жемшашарға қонды суретімен танысу" Мақсаты: балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру; суретті сипаттау әдебин игерту; қыстайтын құстарға қамқорлық амалдарын көрсету. Балаларды құстардың дыбыстау, қозғалу	Математика негіздері Тақырыбы: "Сауысқанның сыйлықтары" Мақсаты: балалардың заттардың ұзындығы мен ені туралы ұғымдарын жетілдіру; осы ұғымдар бойынша айрықша қасиеттерін таныту; қыстайтын құстардың бірі, сауысқанның тіршілігімен таныстыру. Балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша тұстастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: "Үкі" Мақсаты: балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету; үкі пішінін (сары, қызыл-сары, қоңыр бояулармен) мақта таяқшасымен соққылап, қауырсындарды салуға машықтау; қыстайтын құстардың тіршілігі туралы ұғымдар қалыптастыру.	-
	ерекшеліктерін еліктеуіш сөздер мен				

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Біз құстарды аялаймыз!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; оқу қызметін қайталау.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Сауысқан мен көкек" Мақсаты: балаларды "Сауысқан мен көкек" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету; шағын мазмұнды ертегіні өз шығармашылығымен әңгімелеп беруге дағдыландыру; сауысқанның ұясы туралы ақпарат бере отырып, оның ұясының басқа құстар ұясынан ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; қыстайтын құстар туралы ұғымдарын кеңейту.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Қыстайтын құстарға қамқорлық" Мақсаты: балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.	Музыка Тақырыбы: "Қыстағы әнші құстар" Мақсаты: балаларды торғай туралы қазақ және орыс тілдеріндегі әндерді тыңдау және айту кезінде әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; торғайдың қыс мезгіліндегі үнін тыңдата отырып, оның табиғи дауыс ерекшелігін сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.	-
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Құстарға жем шашайық" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.	Орыс тілі Тақырыбы: "Птицы нашего двора". Величина Мақсаты: развивать умение понимать русскую речь, различать и называть зимующих птиц, умение правильно строить простейшие фразы при ответах на вопросы, называть величины объектов при сравнении, правильно меняя окончания слов в словосочетаниях.	-	Жапсыру Тақырыбы: "Шұбар тауықты безендірейік" Мақсаты: балаларды педагог алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ ою элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі жөнінде ұғымдарды толықтыру.	-
Вариативті компонент	-	-	-	-	Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Жануарлар фермасы" ойыны Мақсаты: балаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың тақырып бойынша ойын желісіндегі тілдік және эмоционалдық арақатынастарға түсу іскерлігін жетілдіру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, қабылдау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың адам еңбегін бағалау, үй жануарларына қамқорлықпен қарау сезімдерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Тобы	Орта топқа арналған перспективалық жоспар
Оқу жылы мен айы	Ақпан // 2021-2022

Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	2	Таным	2,5	Шығармашылық	3	Әлеумет	0,5
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,25		
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		
							Музыка	1,5		
							Вариативті компонент/Шығармашылық	0,5	Вариативті компонент/Әлеумет	0,5
Мен және қоршаған орта/ Я и окружающий мир/ Me and the world around me (1-апта)										
Мақсаты: балаларға қоршаған заттардың қасиеттері жайында білім беру, қызығушылық тудыру.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Домаланған кірпі" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапка ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары" Мақсаты: балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау.	Математика негіздері Тақырыбы: "Марғаулар жіппен ойнайды" Мақсаты: балаларды "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" деген ұғымдарымен таныстыру; беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін жетілдіру; қоршаған ортаның тірі және өлі объектілерінің қасиеттері туралы білімін толықтыру. Балаларды екі тең немесе тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұтастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір- біреуден салу тәртібіне дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: "Өсімдіктер" Мақсаты: балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Жүргіншілер жолы" Мақсаты: балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету; жүргінші жолының ережесін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; қаладағы жүргінші жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; қоршаған орта туралы түсінік беру.					
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кірпі қалай жүреді?" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапка ауысу	-	Құрастыру Тақырыбы: "Ақтөстің үйшігін жөндейік" Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары мен өзге, екіге бүктемеленген қағаздан күшікке үйшік жасауға үйрету; білеулерден еден, кірпіштерден қабырғаларды қалап, қағаз жолағын екіге бүктемелеп, шатыр қойып, құрастыруда дағдыландыру; кірпіштер мен білеулердің жазықтықта орналасу амалдарын бекіту; үй жануарлары туралы	Музыка Тақырыбы: "Тауықтар" биі Мақсаты: балаларды дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту.	-					

	дағдыларын қалыптастыру.		ұғымдарын қалыптастыру.		
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Допты қақпа арқылы домалатамыз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапка ауысу дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметін пысықтау.	-	Жаратылыстану Тақырыбы: "Кішкентай марғау" Мақсаты: балалардың мысықтың тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; мысықтың баласы марғаудың қылықтары мен әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту; марғауға күтім жасай білу дағдыларын жетілдіру; адам және қоршаған орта туралы ұғым беру.	Музыка Тақырыбы: "Тұлпарым" Мақсаты: балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту.	-
Вариативті компонент	-	-	-	Вариативті компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Әртүрлі балықтар жүзіп жүр. Ұжымдық жұмыс" Мақсаты: балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі жөнінде мәлімет беру, балықтардың денесінің ерекшеліктеріне көңіл аудару; аквариум балықтарын күту тәртібінің негіздерімен таныстыру. Ермексаз бөліктерін есу, дөңгелектету, жалпайту техникаларын жетілдіру, балықтың сұлбасын түрлі-түсті таяқшалар, дөңгелектер арқылы безендіру әдебіне машықтау; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілетін, эмоциялар мен түйсікті дамыту.	-
Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл! Все работы хороши /Professions (2-апта)					
	Мақсаты: балалардың еңбек және кәсіп туралы білімдерін қорыту және белсендіру.				

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Ұшқыш болам самғайтын" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Кім не істейді?" дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларға мамандықтар иелері жөнінде мәліметтер беру, ойындар барысында мамандыққа қажет құралдардың қолдану амалдарымен таныстыру; мамандықтарға сипаттама беруде қимылдарды айтуға үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: "Аспазшыға көмектесейік" Мақсаты: балаларды "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" деген ұғымдармен таныстыруды жалғастыру; беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін жетілдіру; аспаз мамандығы туралы білімін толықтыру, әдептілік ережелерін қайталау.	Сурет салу Тақырыбы: "Қуыршаққа тарақ" Мақсаты: балаларды көк қарындаш арқылы көлденең жатқан қағаздың екі жағында тіке сызықты жүргізіп, төменгі шеттерін түзу және доғалы сызықпен қосып, арасын қысқа, түзу, тіке сызықтар қатарымен толтырып, тарақтың суретін салуға үйрету; тарақтың шаштараз маманына қажеті туралы түсінік беру, тарақтың күнделікті гигиеналық құрал ретіндегі қолдану тәртібімен таныстыру.	-
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Солдат болам кезінде" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Етікші" Мақсаты: балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; ертегі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру; мамандық туралы қысқаша түсінік бере отырып, етікшінің қызметі туралы ұғымдарын кеңейту.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Орманшының аңдары" Мақсаты: балалардың орман жануарларының қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; орман жануарларының қысқы дайындықтары туралы түсінік беру; қыста орман жануарларына азық беру мен күтім жасай білу ерекшеліктерімен таныстыру; орманшының қызметі туралы ұғым беру.	Музыка Тақырыбы: "Жүргізуші" Мақсаты: балаларды жүргізуші туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ән айту кезінде топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; ырғақты қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ойналған әуеннің желісімен сәйкестендіріп, үйлесімді дұрыс бере білуге үйрету; мамандық туралы ұғым беру. Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету.	

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Аэродром" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге іскерліктерін дамыту; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды жолдастық қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапалары мен шыдамдылыққа тәрбиелеу; оқу қызметінде қызығушылықтарын арттыру.	Орыс тілі Тақырыбы: "Что на кухне?". Посуда Мақсаты: мотивировать желание произносить слова на русском языке по теме «Посуда», правильно расставляя ударения; учить различать на слух слова, а также уменьшительно-ласкательные формы слов, четко проговаривать их. Развивать артикуляционный аппарат, слуховое внимание и восприятие слов на русском языке, основы монологической речи, мышление, умение проявлять положительные эмоции.	-	Мүсіндеу Тақырыбы: "Түймелер" Мақсаты: балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.	-
Вариативті компонент	-	-	-	-	Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Шаштараз" ойыны Мақсаты: балаларға шаштараз мамандығы жөнінде мәлімет беру, шаштараздың құралдарымен, қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; әдептілік ережелерін түсіндіру. Балалардың шаштараз мамандығы аясында ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін жетілдіру.
Техника және біз/Техника и мы/We and technique (3-апта)					
Мақсаты: балалардың тұрмыстық техника, олардың мәні мен қауіпсіздік шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Үш аяқты тұлпарым (велосипед)" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету; қойылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапка ауысу дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Үйдегі көмекшілер. Үй техникасы жөнінде әңгімелесу." Мақсаты: балаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника жөнінде әңгіме мазмұнымен таныстыру, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру тәртібіне үйрету.	Математика негіздері Тақырыбы: "Дастарқан жаю дәстүрі" Мақсаты: балаларға "біреу", "көп", "аз", "сол жақ", "оң жақ", "жоғары", "ортасы" ұғымдарын түсіндіру; тұстастыру мен беттестіру тәсілдері жөнінде түсініктерді жетілдіру; тұрмыстық техниканың бірі тоңазытқыштың қажетін, дастарқанды әзірлеу әдептерін қайталау. Балаларды екі түрлі заттар топтарын салыстыруда тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: "Сағат" Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы шеңбер сұлбасының бойын, арасына бірдей қашықтықты сақтап жақпалармен безендіруге үйрету; ортасына алдын-ала қара қарындашпен салынған сағат тілдерінің үстінен қылқалам түгінің ұшымен жүргізіп, сағат бейнесін жасап шығаруға талпындыру; сағаттың қажеті туралы білімдерді қалыптастыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Үтіктің қасиеті" Мақсаты: балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту; үлкендердің үтікпен жұмыс істеу әрекетін бақылау дағдыларын жетілдіру; техника және адам туралы ұғым беру.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Велосипедтер зырылдайды" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету іскерліктерін дамыту; қойылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүру қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапка ауысу дағдыларын қалыптастыру.		Құрастыру Тақырыбы: "Диван" Мақсаты: балаларды кірпіштерді, білеулерді өзара түрлі орналастырып, диванды жасауға үйрету; кірпіштің қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру; құрылыс жұмысының нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға дағдыландыру.	Музыка Тақырыбы: "Кір жуу машинасы" Мақсаты: балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту.	
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Велоипед теуіп көрдіңдер ме?" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету іскерліктерін пысықтау.	-	Жаратылыстану Тақырыбы: "Қар тазалаушы трактор" Мақсаты: балалардың қар және қар тазалаушы трактор туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру; трактордың жұмыс істеу ерекшеліктерімен таныстыру; адам және техника туралы ұғым беру.	Музыка Тақырыбы: "Таза болайық" Мақсаты: балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға және ырғақты қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту. Балаларды жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және тұрмыста қолданылатын заттарды күтіп ұстау әдебіне тәрбиелеу.	-

Вариативті компонент				Вариативті компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Кір жуу машинасы" Мақсаты: балаларға тұрмыстық техника кір жуу машинасымен таныстыру, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі көмегі туралы мағлұматтар беру; машинаның сыртқы құрылысымен таныстыру. Дөңгелек пішінді кескіндерді қатарға тізіп, ортаға орналастырып жапсыру тәсілдерін жетілдіру; көз мөлшерін, қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, танымдық қызығушылықтарды дамыту. Балалардың қоршаған әлем заттарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру, зеректікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	
Дені саудың - жаны сау/В здоровом теле - здоровый дух/А healthy soul is healthy (4-апта)					
Мақсаты: физикалық жаттығуларды орындауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Салауатты өмір" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруді жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Доп туралы тақпағын мәнерлеп оқу" Мақсаты: балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту. Балалардың көркем сөздің мазмұнын есте сақтау, затты сөзбен сипаттау қабілеттерін жетілдіру; зейінді, жағымды эмоцияларды, ойлау, есту мүмкіндіктерін дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: "Спортшылар бәріміз" Мақсаты: балаларды "саны бірдей", "ұзындығы бірдей" және қарама-қарсы мағынадағы ұғымдарды түсінуін пысықтау; салауатты өмір салты туралы түсіндіру. Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көзбен мөлшерлеу, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: "Текшелер" Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі көлденең сызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшені салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сызықтардың үстіңгі және төменгі ұштарын көлденең түзу сызықпен қосуға үйрету; әр текше үшін фломастер түсін ауыстыру тәртібіне үйрету; қоршаған заттар қасиеттері жөнінде білімдерді пысықтау.	

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Шынықсақ-шымыр боламыз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету іскерліктерін жетілдіру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Кім күшті?" Мақсаты: балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; өлеңнің кейіпкері Алтайдың білсем деген құштарлығына балалардың қызығушылығын тудыру; "Дені саудың – жаны сау" мақалының мағынасын түсіндіру.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Емдік өсімдіктер" Мақсаты: балаларды емдік өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; емдік өсімдіктердің шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту; алоэ дәрілік өсімдігі мен түймедақ өсімдігі жөнінде түсініктерін кеңейту; емдік өсімдіктердің адам ағзасына пайдалы шипалы ерекшеліктері туралы ұғым беру. Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын, байқампаздығын дамыту.	Музыка Тақырыбы: "Күлкі-шаттық шуағы" Мақсаты: балаларды күлкі туралы жаңа ән тыңдағанда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; ән айту кезінде әуеннің сөздік мағынасын түсіне отырып, эмоционалды көңіл-күйге бөлене білуге баулу; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; денсаулық туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету.	-
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кенгуру секілді секіреміз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету іскерліктерін пысықтау.	Орыс тілі Тақырыбы: "Угощения для Даны". Продукты Мақсаты: развивать умение произносить слова на русском языке по теме «Продукты», правильно расставляя ударения; в процессе игр, отвечая на вопросы, учить строить простые предложения, четко проговаривать новые слова с правильными падежными окончаниями.	-	Жапсыру Тақырыбы: "Жиналған ойыншықтар" Мақсаты: балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенінен бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту; денсаулықты сақтауда тазалықтың маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Шаршы және дөңгелек пішіндерді үлкенінен кішірегіне дейін орналастыруда жазықтықта бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру, қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту.	-
Вариативті компонент	-	-	-	-	Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Техника" дүкені Мақсаты: балаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника үлгілерін пысықтау. Балалардың "Техника дүкені" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, ережелерді ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінді, жағымды эмоцияларды

					дамыту. Балаларды техника үлгілерін ұқыпты ұстауға баулу, зеректікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Тобы	Орта топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	Наурыз // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	2	Таным	2,5	Шығармашылық	3	Әлеумет	0,5
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,25		
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		
							Музыка	1,5		
							Вариативті компонент/Шығармашылық	0,5	Вариативті компонент/Әлеумет	0,5
Көктем жаршысы-құстар/ Птицы - вестники весны /Birds of spring (1-апта)										
Мақсаты: балалардың көктем мезгілі, күннің жылынып, құстардың келуі туралы білімдерін толықтыру; аналар мерекесіне деген қызығушылықтар, қуаныш сезімін таныту іскерліктерін дамыту.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қарлығаштай қайратты" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; еңкіс тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйене отырып, төрт тағандап өрмелеуге үйрету; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қарлығаш туралы тақпақ жаттау" Мақсаты: балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру; құстардың мезгіл өзгерістеріне тәуелді екені туралы ұғымдар қалыптастыру.	Математика негіздері Тақырыбы: "Көктемгі сыйлықтар" Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.	Сурет салу Тақырыбы: "Көктем сыйлаған көйлек" Мақсаты: балаларды мерекелік көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету; жасыл боршамен гүл сабақтарын салып, саусақпен жақпа қалтырып, бүршіктерді салу тәртібін машықтау; балаларға көктемнің алғашқы күндеріндегі аналар мерекесі туралы ұғымдарды қалыптастыру. Жасыл борша мен қызыл гуашь бояуының қолдану ретін игерту; ою элементтерінің өзара алмасып, белгілі бір үйлесімділікті сақтағанын байқауға үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Торғай" Мақсаты: балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.					
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қайратты боламыз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; еңкіс тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйене отырып, төрт тағандап өрмелеу іскерліктерін жетілдіру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге жаттықтыру; саптан	-	Құрастыру Тақырыбы: "Банттик таққан балапан" Мақсаты: балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру; жұмыс нәтижесін қуанышпен қабылдауға шақыру;	Музыка Тақырыбы: "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсаты: балаларды ана туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; музыкалық	-					

	шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.		көктем мезгілі, жыл құстары жөнінде түсініктерді қалыптастыру.	сүйемелдеусіз "ре" – "ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету.	
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Биік секіреміз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; еңкіс тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйене отырып, төрт тағандап өрмелеу іскерліктерін пысықтау.	-	Жаратылыстану Тақырыбы: "Көктеммен бірге құс келді" Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың мінез-құлқында көктем мезгілінде байқалатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету; көктем жаршысы – құстар туралы білімдерін кеңейту.	Музыка Тақырыбы: "Анашым, анажаным" Мақсаты: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту.	-
Вариативті компонент	-	-	-	Вариативті компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Құстың балапаны" Мақсаты: балаларға көктемде жылы жақтан қайтып келетін жыл құстарының балапандауы туралы мәліметтер беру; құстардың жалпы дене құрылысы жөнінде білімдерді тиянақтау. Құс балапанының маркермен салынған сұлбасын ермексаз бөліктерімен толтыруға үйрету; сары ермексаз кесегінен ұсақ бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, балапан сұлбасына жапсырып, басу тәсілдерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды дамыту. Балалардың көктем мезгіліндегі өзгерістерге, құстардың тіршілігіне деген зеректігін қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	-

Жылғалардан су ақты/ Бегут талые воды /Spring (2-апта)	
	Мақсаты: балаларды жылғалардан сулардың аққанын байқап, ерекше сезімдерге бөленуге баулу.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Таза бұлақ" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Көктем келді суретімен танысу" Мақсаты: балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау. Балалардың суретте көрген көктем құбылыстарын сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы баяндай білу білігін жетілдіру; байналыстыра сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; ой-өрісін, зейінді, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына деген қызығушылығын, зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: "Көктем тамшылары" Мақсаты: балалардың дыбыс саны туралы түсінігін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін пысықтау, көктем мезгіліне тән құбылыстар жөніндегі түсініктерін тиянақтау. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын дамыту, әсемдікке, әуен әлеміне қатысты байқампаз болуға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: "Тамшылар" Мақсаты: балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуға жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету; көктем келгенде қардың еріп кететін қасиеті туралы және су тигенде бояудың да еритіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Қылқаламды көкшіл бояуға малып, үстіден төменге қарай, үзік, қысқа штрихтарды салу техникасын жетілдіру.	-
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Көктемгі жылғалар" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Ақшақар" Мақсаты: балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру; көктемгі ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Судың қасиеті" Мақсаты: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемде пайда болуына байланысты ерекшеліктері және өзгерістерімен таныстыру; табиғаттың көктемдегі белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету; жылғалар туралы білімдерін кеңейту.	Музыка Тақырыбы: "Көктем келді, алақай!" Мақсаты: балаларды ана мен көктем туралы әндермен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз "ре – ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен)	

				ойнау қабілетін қалыптастыру; көктемгі ерекшеліктер туралы ұғым беру.	
--	--	--	--	---	--

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Таза бұлақтай таза болайық!" Мақсаты: 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу іскерліктерін пысықтау; саптан шеңберге, шеңберден сапка ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды жолдастық қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін көтеру.	Орыс тілі Тақырыбы: "Весна-красна". Время года- весна Мақсаты: способствовать пониманию русской речи, развивать умение составлять простые сочетания слов на тему «Весна», проговаривать предложения по образцу, учить выражать отношение к времени года с помощью повтора и проговаривания небольших четверостиший о таких природных явлениях, как капель. Развивать умение проговаривать песни о весне, развивать речь; развивать слуховое восприятие речи в целом по теме «Весна», развивать слуховую память, зрительное восприятие, мышление, умение проявлять положительные эмоции. Развивать наблюдательность, чувство прекрасного, интерес к художественному слову.	-	Мүсіндеу Тақырыбы: "Қонжық" Мақсаты: балаға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақан арасында айналдыра илеп, домалақ пішінге айналдыруды игерту; құстарға жем шашуды көрсете отырып, ойындарға қатысуға талпындыру. Қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға қызығушылық ояту, ойындарға еркін араласу қабілетін дамыту.	-
Вариативті компонент	-	-	-	-	Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Киімдер дүкені" ойыны Мақсаты: балаларға киім дүкеніндегі киім үлгілерінің атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін, маусымға сай киіну тәртібін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы шағын және топтық қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.
	Салт-дәстүрлер және фольклор/ Казахские народные традиции и обряды / Kazakh folk traditions and rituals (3-апта)				
	Мақсаты: Еліміздің мейрамдары мен салт-дәстүрлерімен таныстырып, құрметтеуге, қастерлеуге баулу.				

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Наурыз келді, алақай!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен қолдарынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен қолдарынан ұстап жүгіруге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Дастарқанды жаямыз дидактикалық ойыны" Мақсаты: балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру. Балалардың әдептілікті білдіретін сөздерді белсенді қолдану білігін жетілдіру, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту. Наурыз мейрамын қуанышпен қабылдауға, достыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: "Қонжықтар Наурызға дайындалуда" Мақсаты: балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдарын қалыптастыру, заттардың жуандығы жөніндегі білімдерін, жұпты заттарды тұтастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсініктерін тиянақтау; Наурыз мейрамына қатысты әдептілік ережелерін пысықтау. Балалардың екі тең немесе тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруде жаттықтыру; заттар сандарының өзара тең, аз немесе көп, жуандығы айрықша және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұтастыру, беттестіру арқылы, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеп отыруға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: "Ыдыс-аяқ" Мақсаты: балаларды ортасы төмен түскен доғалы сызықты сызып, үстіңгі екі шетін көлденең түзу сызық арқылы қосуға жаттықтыру, жасалған жарты дөңгелектің бір жағына, немесе екі жағына тағы да тіке жатқан доғаларды қосып, ыдыс-аяқтар үлгісін салуға үйрету; салынып шыққан ыдыс-аяқ сұлбасын қарапайым ою түрлерімен толықтыру амалдарымен таныстыру; ыдыс-аяқтар туралы білімдерін кеңейту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Киіз үй" Мақсаты: балаларды киіз үйдің құрылысымен таныстыра отырып, оның бөліктері жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; киіз үйдің қасиеті мен ерекшеліктерін жатқа білуге дағдыландыру; салт-дәстүрлер және фольклор туралы білімдерін кеңейту. Киіз үйдің атаулары арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; киіз үйге қызығушылығын қалыптастыру.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Наурыз құтты болсын!" Мақсаты: 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметінде тазалық дағдылары мен қызығушылықтарын арттыру.		Құрастыру Тақырыбы: "Үй салайық" Мақсаты: балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру; Наурыз мейрамы жөнінде түсініктерді қалау.	Музыка Тақырыбы: "Наурыз көктем" Мақсаты: балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету.	

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Наурыз мерекесі келді" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен қолдарынан ұстап жүгіру іскеліктерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.		Жаратылыстану Тақырыбы: "Наурыз гүлдері" Мақсаты: балалардың наурыз гүлдері туралы түсініктерін кеңейту; көктемде алғаш пайда болатын наурыз гүлдерінің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету; наурыз айындағы салт-дәстүрлер мен фольклор туралы білім беру. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдыларын, қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.	Музыка Тақырыбы: "Наурыз мейрамы" Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету.	
Вариативті компонент	-	-	-	Вариативті компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Піспенан" Мақсаты: балаларды дөңгелек піспенан (печенье) үлгілерімен таныстыру, дөңгелек пішінді безендіру амалдарын көрсету, нан өнімдері жөнінде ұғымдарды тиянақтау. Дөңгелек пішін сұлбасын дөңгелек бөлігермен безендіру амалдарымен таныстыру, дөңгелектің шеттері мен ортасына белгілі бөлшектерді кезекпен орналастыру техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, дамыту. Балалардың сәндік өнер үлгілеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, үйлесімділікке, әдептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	-
Өнер көзі - халықта/ Народ – источник искусства /Arts (4-апта)					
Мақсаты: Балаларды шығармашылыққа, өнерге баулу.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; еңкіс тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеуді үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Тәй-гәй басып келеміз ойыны" Мақсаты: балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. Балалардың ойындарда топтастар ортасында өз орнын тауып, әлеуметтік қарым-қатынастарға еркін түсуге үйрету, тілін, есту, есте сақтау қабілетін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Қазақ салт- дәстүрлеріне деген қызығушылықтар қалыптастыру, сөздік қатынастарды белсенділікке, достыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: "Асықтарды санайық" Мақсаты: балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұтастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. Балалардың біртектес заттарды түс жұптарына жинап, орналасу орнына қарай топтастырып, саны бойынша салыстыру және теңдестіру іскерлігін қалыптастыру; саны өзара тең, аз немесе көп заттарды салыстыру нәтижесін тұтастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу дағдыларын жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: "Бас орамал оюлары" Мақсаты: баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып оюлармен безендіруге үйрету; бас орамал кескінінің бұрыштары мен ортасын дөңгелеген шиыршықтармен, шеттерін толқын жолақтармен толтыру амалдарымен таныстыру; қазақтың ою элементтері бұлақ және ирек су жөнінде ұғымдарды қалыптастыру. Мақта таяқшасын бояуға малып, шиыршықтарды, толқынды жолақтарды салу техникасын жетілдіру; ою элементін шаршы бұрышында, шетінде, ортасында орналастыру, қағаз бетін бағдарлау қабілетін жетілдіру; зейінді, ой- қиялды дамыту.	-
---	---	--	---	---	---

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Өнерлі балалармыз" Мақсаты: балаларды жіптен жанымен аттап секіру іскерліктерін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеу іскерліктерін дамыта отырып, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. Балаларды адамгершілік қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қаз-қаз, бөпем!" Мақсаты: балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тындауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру; шығарманың халықтың әдет-ғұрпындағы алатын маңызы туралы түсінік беру; өнер мен салт-дәстүрдің тығыз байланысы жөнінде мағлұмат беру.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Төрт түлік" Мақсаты: балаларды төрт түліктің тіршілік ету ерекшеліктерімен таныстыру; қолда өсірілетін төрт түлік түрлері мен үй жануарларына күтім жасау, олардың пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; төрт түлікті бір-бірінен ажыратуға, дұрыс атауға үйрету; төрт түлікті бағып-қағу да білім мен білікті қажет ететінін түсіндіру. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары, қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру.	Музыка Тақырыбы: "Киелі домбыра" Мақсаты: балаларды қазақтың халық аспабы домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету; домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, домбыра сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету.	
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Аттап секіреміз" Мақсаты: балаларды жіптен жанымен аттап секіру іскерліктерін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеу іскерліктерін дамыта отырып, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау.	Орыс тілі Тақырыбы: "Это моя семья". Члены семьи Мақсаты: развивать умение слушать и понимать русскую речь, касающуюся темы «Семья», проговаривать все слова, обозначающие членов семьи, а также их уменьшительно-ласкательные формы, называть предметы пользования, учить подбирать сочетания слов, состоящих из имени существительного и глагола, согласовывая окончания. Развивать умение воспринимать русскую речь на слух, опираясь на картинки, часто повторяемые слова. Развивать монологическую речь, умение включаться в диалог, мышление, память, умение проявлять положительные эмоции. Воспитывать теплые чувства к семье и близким, уважение к старшим.		Жапсыру Тақырыбы: "Еркежан әжейдің әдемі орамалы" Мақсаты: балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Желімді пішінге жағып, артығын майлық арқылы сүртіп отыру арқылы қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру; ою элементтерін ортаға, бұрыштарға орналастырып, жапсырып, шаршы қағаз пішінінде бағдарлауға үйрету.	

Вариативті компонент	-	-	-	-	Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Жиһаз дүкені" ойыны Мақсаты: балаларға жиһаз дүкеніндегі жиһаз түрлерінің атауларын, қажеттерін пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, өз қалауын сөзбен жеткізу қабелітен қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, сыпайылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.
----------------------	---	---	---	---	---

Тобы	Орта топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	Сәуір // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	2	Таным	2,5	Шығармашылық	3	Әлеумет	0,5
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,25		
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		
							Музыка	1,5		
							Вариативті компонент/Шығармашылық	0,5	Вариативті компонент/Әлеумет	0,5
Ғарышқа саяхат/Путешествие в космос/Cosmic (1-апта)										
Мақсаты: балаларға ғарыш туралы білім беру; ұшақтың, зымыранның жылдам ұшатынын байқату; аспандағы жұлдыздардың жарқырағанына қызығышылықтар тудыру.										
